


толуол (21 мл)
 тұз қышқылы (конц.)
 индикатор қағазы универсаль

Автоклав қондырғысының шыны реакторына (1-сурет) 2,35 г (0,025 моль) фенол және 3,08 г (0,0275 моль) натрийэтилкарбонатты салады. Автоклавты қымтайды, екі рет ауасын шығару үшін көміртек диоксидімен үрлейді, одан кейін 10 атм қысымға дейін көміртек диоксидімен толтырады және араластырғыш пен қыздырғышты қосады. Реакциялық қоспаның температурасын 7 сағат бойы 160⁰С дейін көтереді (температураны көтеру жылдамдығы 20⁰С/сағ). Бұдан кейін араластырғыш пен қыздырғышты өшіріп, автоклавты бөлме температурасына дейін салқындатады және осы күйде 1 сағаттай ұстайды. Реакциялық қоспаны сумен өңдейді. Өрекеттеспеген фенолды бөліп алу үшін сулы фазаны толуолмен экстрагирлейді. Органикалық фазадан еріткішті бөліп алған соң және қалдықты төменгі қысымда (≈140 мм. сын.бағ.) айдағаннан кейін 0,9 г фенол алынады. Реакция өнімін (салицил қышқылын) сулы фазаны тұз қышқылымен қышқылдау арқылы бөліп алады. 2,25 г (65%) салицил қышқылы алынады; балку т. 154-155⁰С. Салицил қышқылының шығымы реакцияға түскен фенолға есептегенде 97% құрайды. Әдебиеттік мәліметтер: балку т. 155-156⁰С [Справочник химика.- М.:Химия, 1964. Т.2. С.938].

п-Оксибензой қышқылын фенолды калийэтилкарбонатпен карбоксилдеу арқылы синтездеу



Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:

- 1 автоклав типті лабораториялық қондырғы
- 2 шыны стакан (100 мл)
- 1 шыны таяқша
- 1 бөлгіш воронка (100 мл)